

# МУРАТБАЕВ NEWS

31 қаңтар 2026

## БІЛІММЕН – БІЗ БІРГЕМІЗ!

Оқушылардың логикалық ойлау қабілеті мен тапқырлығын сынаған интеллектуалды сайыс тартысты әрі қызықты өтті. Білім мен бірлікті ұштастырған бұл шара жас жеткіншектердің зияткерлік әлеуетін айқын көрсетті.



## ЖЫРМЕН СӨЙЛЕГЕН ЖАС ҰРПАҚ

Жас өрендер поэзия арқылы өз ойы мен сезімін өрнектеп, туған тілдің құдіретін, сөз өнерінің тереңдігін көпшілікке паш етті. Кеш барысында оқушылардың көркем сөзге деген сүйіспеншілігі мен шығармашылық әлеуеті айқын көрінді.

# «РУХАНИ TALK» – АШЫҚ СҰХБАТ АЛАҢЫ



«GM arnasy» ұсынған «Рухани Talk» жобасы аясында «Адал азамат – заңға құрметтен басталады» тақырыбында маңызды рухани-танымдық кездесу өтті.

Кездесудің қонақтары:

Байзақ ауданының прокуроры – Мүлкеманов Ақберген Жанысбекұлы

Өңірлік коммуникациялар қызметінің басшысы – Садуақас Алмат Маратұлы

Кездесу барысында білім алушылармен:

- заңның қоғамдағы маңызы,
  - адал азамат болудың негіздері,
  - жауапкершілік пен құқықтық мәдениет,
  - өмірлік ұстанымдар мен саналы таңдау
- тақырыптарында ашық әрі еркін форматта әңгіме өрбіді.

Оқушылар өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, қонақтардан нақты әрі өмірлік мысалдарға негізделген жауаптар алды. Бұл кездесу жас ұрпақтың құқықтық сауаттылығын арттырып, адалдық, жауапкершілік және азаматтық ұстаным қалыптастыруға бағытталған маңызды алаң болды.

# «ГИМНАЗИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ» СЫНАМАСЫ

12-22 желтоқсан күндері аралығында гимназиямызда білім беру стандарттарының орындалуын қамтамасыз ету, білім сапасын арттыру және оның тұрақты өсу динамикасын қалыптастыру, сондай-ақ сыртқы бақылау сынақтарына жүйелі түрде дайындық жүргізу мақсатында мектептің жылдық жоспарына сәйкес эксперимент алаңының ұйымдастыруымен 2–10 сыныптар арасында мектепшілік «Гимназиялық бақылау» сынамасы өткізілді.



Сынақ «Білім берудің цифрлық трансформациясы» тәжірибелік алаңының қызметкерлері мен директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарларының бақылауымен жүргізіліп, алынған нәтижелер сараланып, тиісті қорытындылар шығарылды.

#эксперименталаңы

# «ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС»



Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында Ішкі істер министрлігімен бірлесіп «Құқық бұзушылықтарға қарсы күрес» бойынша ақпараттық-танымдық жұмыс жүргізу мақсатында түсірілген бейнероликтер оқушыларға көрсетілді. Осы орайда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің орта білім беру комитетінің төрағасы Жұмашев Қаныбек Бекболатұлы және Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының басшысы Оршыбеков Нұрбек Әбубекұлы оқушылармен сұхбаттаса отырып, «КІТАП БЕТБЕЛГІЛЕРІ ЕМЕС» («НЕ КНИЖНЫЕ ЗАКЛАДКИ») және «ХУЛИГАНКА» атты қысқаметражды фильмдер көрсетілді.

Қысқаметражды фильм мазмұндары бойынша ашық форматта талқылау ұйымдастырылды. Талқылау барысында оқушылар құқықтық тақырыптағы сұрақтарға белсенді қатысып, өз пікірлерін еркін әрі дәлелді түрде білдірді. Фильмде көрсетілген жағдайлар арқылы білім алушылар заңға қайшы әрекеттердің салдарын талдап, құқық бұзушылықтың жеке адамға және қоғамға тигізетін кері әсері түсіндіріліп талқыланды.

Талқылау үдерісінде жасөспірімдерді қауіпті әрекеттерге итермелейтін факторлар, қысым мен манипуляция белгілері, сондай-ақ мұндай жағдайларда көмек сұраудың маңыздылығы қарастырылды. Оқушылар өз жауаптарында күнделікті өмірде заң талаптарын сақтау, саналы таңдау жасау және жеке жауапкершілікті сезіну қажеттілігі туралы тұжырымдар жасады.



# «ЖЫР – ЖАННЫҢ АЙНАСЫ»

Мектебімізде оқушылардың рухани дүниесін байытып, көркем сөзге деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында «Жыр – жанның айнасы» атты поэзия кеші ұйымдастырылды.

Кеш барысында жас өнерпаздар қазақтың көрнекті ақындарының және заманауи поэзияның таңдаулы өлеңдерін мәнерлеп оқып, өздерінің шығармашылық қабілеттерін көрсетті. Әрбір орындалған жыр – жүрек үні мен жан сырын жеткізген әсерлі сәтке айналды.



Іс-шараға қатысушылардың өнерін арнайы құрылған қазылар алқасы бағалап, оқушылардың сахна мәдениетіне, дауыс мәнеріне және өлеңді сезіммен жеткізуіне ерекше назар аударды.

Поэзия кеші оқушыларға рухани тәрбие беріп қана қоймай, олардың өз ойларын еркін жеткізуіне, сөз өнерін қадірлеуіне үлкен мүмкіндік жасады. Шара соңында белсенді қатысқан оқушылар дипломдармен марапатталды.

Осындай тағылымды әрі мазмұнды шаралар алдағы уақытта да өз жалғасын табады.

# «БІЛІММЕН – БІЗ БІРГЕМІЗ!» ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ САЙЫСЫ

## БІЛІММЕН - БІЗ БІРГЕМІЗ! ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ САЙЫСЫ



Оқушылардың білімге деген қызығушылығын арттыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту және пәндер бойынша алған білімдерін тереңдету мақсатында мектебімізде «БІЛІММЕН – БІЗ БІРГЕМІЗ!» атты интеллектуалды сайыс ұйымдастырылды.

Сайыс барысында қатысушылар қазақ тілі, математика, жаратылыстану, Қазақстан тарихы пәндері бойынша білімдерін ортаға салып, тапқырлық пен жылдамдықтарын көрсетті. Әр кезең оқушылардың ой ұшқырлығын, командалық жұмысын және өзара ынтымақтастығын шыңдауға бағытталды.

Интеллектуалды сайыс тартысты әрі қызықты өтті. Қатысушылар белсенділік танытып, білім бәйгесінде өзара бақ сынасты. Сайыс соңында үздік нәтижелер көрсеткен командалар марапатталып, барлық қатысушыларға алғыс білдірілді.

Аталған шара оқушылардың білімге деген құлшынысын арттырып, өз мүмкіндіктерін көрсетуге үлкен мүмкіндік берді. Осындай танымдық әрі мазмұнды сайыстар алдағы уақытта да жалғасын табады.



БІЛІММЕН - БІЗ БІРГЕМІЗ!  
ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ САЙЫСЫ

# “БІЗ БІРГЕМІЗ-ТАТУ СЫНЫП”



Гимназия педагог-психологтары 1–4 сынып оқушыларына арналған «Біз біргеміз-тату сынып» тақырыбында психологиялық тренинг өткізді.

Тренинг барысында оқушылар бір-бірімен өзара сыйластық, ынтымақтастық пен сенімділік дағдыларын дамытуға бағытталған ойындар мен жаттығулар орындады.

Оқушымен өткізілетін психологиялық тренингтер оқушылардың сыныптағы жағымды психологиялық ахуалын қалыптастыруға, қарым-қатынастарын нығайтуға үлкен ықпал етеді.

# BOOK CLUB ОҚЫРМАНДАР КЛУБЫ

«Құлаққаптың қасіреті» шығармасы бойынша жүзде талқылау өтті. Кітап — білімнің кілті, рухани байлықтың қайнар көзі. Оқушылар шығарма мазмұнын талдай отырып, бүгінгі қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі — технологияға тәуелділік, уақытты тиімді пайдалану, шынайы қарым-қатынастың маңызы туралы ой бөлісті. Талқылау барысында әр қатысушы өз пікірін білдіріп, кейіпкерлердің іс-әрекетіне баға беріп, өмірмен байланыстыра талдау жасады.

Оқуға деген құштарлықты оятып, ой-өрісті кеңейтуге бағытталған кітап оқу шарасына барша оқырманды шақырамыз! Кітаппен бірге рухани дамып, саналы ұрпақ қалыптастырайық!



# «АШЫҚ ЕСІК КҮНІ»



Бүгін оқушылар Байзақ аудандық төтенше жағдайлар бөлімінде өткен «Ашық есік күні» іс-шарасына қатысты. Іс-шара барысында оқушыларға құтқарушылардың күнделікті қызметі таныстырылып, арнайы техникалар мен құрал-жабдықтар көрсетілді. Сонымен қатар төтенше жағдай кезіндегі қауіпсіздік ережелері түсіндіріліп, пайдалы мағлұматтар берілді. Мұндай танымдық шаралар оқушылардың жауапкершілігін арттырып, қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға үлкен үлес қосады.

# РУХАНИ TALK

## «ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ: ҮЛКЕННІҢ ӨНЕГЕСІ – ЖАСТЫҢ ЖАЛҒАСЫ»

Рухани Talk форматында өткен бұл тағылымды шара ашық әңгіме мен шынайы диалог алаңына айналды. Кездесу барысында отбасының қоғамдағы орны, ұрпақ тәрбиесіндегі үлкеннің өнегесі, ата-ана мен бала арасындағы сабақтастық, ұлттық құндылықтардың маңызы кеңінен сөз болды.

Шараның басты ерекшелігі – өмірлік оқиғалар арқылы ой қозғау, қатысушылардың өз тәжірибесімен бөлісуі және әр айтылған пікірге рефлексия жасау болды. Ашық форматтағы еркін диалог тың ойларға жол ашып, жастарды өз өміріне жауапкершілікпен қарауға, отбасы құндылықтарын қадірлеуге жетеледі.



Рухани Talk барысында айтылған ойлар жүрекке жетіп, үлкеннің ақылы мен өнегесі – жастың болашағына бағыт-бағдар беретін басты құндылық екені тағы бір мәрте дәлелденді. Бұл кездесу қатысушыларға рухани серпіліс сыйлап, отбасылық тәрбиеге жаңаша көзқараспен қарауға мүмкіндік берді.

## «ЖЫРМЕН СЫРЛАСУ» ӘДЕБИ- РУХАНИ КЕШІ

Бүгінгі кешіміздің қадірлі қонағы – өлеңдерімен жүрекке жол таба білген, шығармалары арқылы оқырман сүйіспеншілігіне бөленіп жүрген ақын Қадірәлі Нұржан Серікханұлы.

Ол – облыстық «Ақжол» газетінің жауапты хатшысы, Қазақстан Жазушылар одағының және Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

Қадірәлі Нұржан Серікханұлының шығармаларынан терең ой, ұлттық рух пен өмірге деген шынайы көзқарас айқын аңғарылады. Ақынның әр өлеңі – оқырман жүрегіне жол табатын сырлы әлем, сөз өнеріне деген адалдықтың жарқын көрінісі.



Бүгінгі рухани кеште қаламгердің шығармашылық жолы, поэзиядағы өзіндік қолтаңбасы кеңінен насихатталып, жас ұрпаққа рухани тағылым берері сөзсіз

Осындай тағылымды кеште қадірлі қонағымызбен жүздесу – біз үшін үлкен мәртебе, ал оның ой-толғамдары мен жырлары көрермен көңілінен шығарына сенім мол..

# ОБЛЫСТЫҚ ЖӘНЕ АУДАНДЫҚ ОЛИМПИАДАЛАРДЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ МЕН ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІН МАРАПАТТАУ СӘТІ

Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясының білім алушыларымызды жеткен жетістіктерімен құттықтаймыз! Дарынды оқушыларымыздың білім бәйгесінде топ жарып, мектеп абыройын асқақтатқан оқушыларымызға және жетекші ұстаздарға алғыс білдіреміз. Алдағы уақытта да биік белестерді бағындыра берулеріңізге тілектеспіз!

Республикалық кезеңге өткен оқушыларымызға сәттілік және жеңіс тілейміз!



## “БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫ” ЖОБАСЫ



Бүгін, “Балалар кітапханасы” жобасы аясында “Жас оқырмандар” алаңында гимназиямыздың 10 сынып оқушыларымен Әзілхан Нұршайықовтың “Махаббат қызық мол жылдар” шығармасына талдау сағаты өтті. Спикер қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Трусбаева Е.С. Оқушыларға бұл шығарма көп септігін тигізіп, тәрбиелік мәнін айтып өтті.

## «ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» РУБРИКАСЫ

Бір ауылда ақылды да көрікті Жамал есімді қыз өмір сүріпті. Ол кішкентайынан зерек болып өсіп, кітап оқуды, білім алуды жақсы көреді екен. Жамалдың арманы – сүйген адамымен бақытты өмір сүру, еркін таңдау жасау еді.

Алайда ауыл ішіндегі ескі салт пен үлкендердің қатал шешімі оның тағдырын өзгертеді. Қыздың пікірін сұрамастан, оны сүймеген адамға ұзатпақ болады. Жамалдың жүрегі қайғыға толып, арманы мен үміті біртіндеп сөне бастайды.

Ол бар қиындыққа сабырмен қарауға тырысқанымен, әділетсіздік жанына батады. Жас қыздың мұңы – тек өзінің ғана емес, сол кезеңдегі көптеген қазақ қыздарының мұңы еді.

Осы оқиға арқылы шығарма адам еркіндігінің, әйел теңдігінің маңызын көрсетеді. Жамалдың аянышты тағдыры оқырманға ой салып, қоғамның мейірімді әрі әділ болуы керектігін еске салады.



**Ш. МҮРТАЗА.  
«АЙ МЕН АЙША»**